

2020 ж. қаңтар, №1 (57)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: *Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті*

**Бас редактор:** *Мусабекова Г.А.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ө. Сұлтанғазина атын. ҚМПУ, Қазақстан

**Бас редактордың орынбасары:** *Амандықова А.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ө. Сұлтанғазина атын. ҚМПУ, Қазақстан

#### РЕЦЕНЗЕНТТЕР

*Бережнова Е.В.*, педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СИМ, Мәскеу қ., Ресей

*Жаксылықова К.Б.*, педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

*Амирова Б.А.*, психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан

*Благодарумная О.Н.*, экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова

*Доман Э.*, лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия

*Елагина В.С.*, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей

*Жилбаев Ж.О.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан

*Кайе Ж.*, философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция

*Катцнер Т.*, Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния

*Кульгильдинова Т.А.*, педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің профессоры, Қазақстан

*Марилена Сантана дос Сантос Гарсия*, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия

*Монова-Желева М.*, PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария

*Чаба Толгизи*, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №8786-Ж  
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен  
19.11.2007 берілген.  
Жазылу бойынша индексі 74081

#### Редакцияның мекен-жайы:

110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118  
(ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы)  
Тел. (7142) 54-85-56 (135)

№1 (57), январь 2020 г.  
Издается с января 2005 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский государственный педагогический университет*

**Главный редактор:** *Мусабекова Г.А.*, кандидат педагогических наук, КГПУ им. У. Султангазина, Казахстан

**Заместитель главного редактора:** *Амандыкова А.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КГПУ им. У. Султангазина, Казахстан

#### РЕЦЕНЗЕНТЫ

*Бережнова Е.В.*, доктор педагогических наук, профессор МГИМО МИД, г. Москва, Россия

*Жаксылыкова К.Б.*, доктор педагогических наук, профессор Казахского национального исследовательского университета им. К. Сатпаева, Казахстан

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Амирова Б.А.*, доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан

*Благодарная О.Н.*, кандидат экономических наук, доцент Международного Независимого Университета Молдовы

*Доман Э.*, доктор лингвистических наук, университет Макао, Сидней, Австралия

*Елагина В.С.*, доктор педагогических наук, профессор, ЮУГГПУ, Россия

*Жилбаев Ж.О.*, кандидат педагогических наук, доцент, президент Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, Казахстан

*Кайе Ж.*, доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция

*Катицер Т.*, доктор PhD, профессор Университета Западной Вирджинии, США

*Кульгильдинова Т.А.*, доктор педагогических наук, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Казахстан

*Марилена Сантана дос Сантос Гарсия*, доктор лингвистических наук, Папский католический университет Сан-Паулу, Бразилия

*Монова-Желева М.*, доктор PhD, профессор Бургасского свободного университета, Болгария

*Чаба Толгизи*, научный сотрудник кафедры экологии, Университет Сегеда, Венгрия

Свидетельство о регистрации № 8786-Ж  
выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан  
19 ноября 2007 года.  
Подписной индекс 74081

#### Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 118  
(управление науки и международных связей)  
Тел. (7142) 54-85-56 (135)

### References

- 1 Oxford dictionary. Sixth edition. – University Press, 2000. – P. 676.
- 2 Drucker P. Management: Talks, Responsibilities, Practices. – N.Y.: Harper & Row, 1974. – P. 840.
- 3 Shopov D., Atanasova M. Human resources management. Trakia M, Sofia, 1998. – P. 342.
- 4 Makakov H. Management – history and theories. Trakia University – Stara Zagora, 2011. – P. 280.
- 5 Drucker P. The post-capitalist society. – LIK, S., 2000. – P. 14.

*Article received by the editorial office: 12.12.2019*

**ДИМОВА, Е., АЙДНАЛИЕВА, Н.А.**

#### **«БІЛІМ ҚОҒАМЫ» МЕНЕДЖМЕНТІНДЕГІ ЗИЯТКЕРЛІК НЕГІЗ ЖАЙЫНДА**

*Жиырмасыншы ғасырдың соңы және жиырма бірінші ғасырдың басы білімге негізделген экономиканың жаңа түрі пайда болуымен ерекшеленді. Бұл үдерістер менеджмент жүйесіне әртүрлі деңгейде кіріктірілді. Мақала зияткерлік негізде білім қоғамындағы экономикалық дамудың жаңа түріндегі менеджментті зерттеуге бағытталған.*

**Кілт сөздер:** зияткерлік капитал, тұлға, басқару, шешім қабылдау әдістемесі.

**ДИМОВА, Е., АЙДНАЛИЕВА, Н.А.**

#### **ОБ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ОСНОВЕ В МЕНЕДЖМЕНТЕ «ОБЩЕСТВО ЗНАНИЙ»**

*Конец двадцатого и начало двадцать первого века были отмечены появлением нового вида экономики, основанного на знаниях. Эти процессы вовлечены в систему менеджмента на разных уровнях. Статья относится к исследованию менеджмента, основанному на интеллектуальной основе в новом виде экономического развития в обществе знаний.*

**Ключевые слова:** интеллектуальный капитал, личность, управление, методология принятия решений.

### ӘОЖ 8.81

**Қанапина, С.Ғ.**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
филология департаментінің қауымдастырылған  
профессоры*

**Касенова, Ш.Б.**

*«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

**Қуанышбай, А.А.**

*«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

**Ертуганова, М.М.**

*«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті,  
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,  
Қостанай, Қазақстан*

### **Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ «ҰЛПАН» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ**

#### **Түйін**

*Тілдегі фразеологизмдер – тілдік бірліктердің ішінде аккумулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдықтар бойы пайда болып, дамып, қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі. Берілген мақала Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы фразеологизмдердің стильдік қолданысын зерттеуге арналған.*

**Кілт сөздер:** фразеология, лингвистика, сөздік, соматизм, парадигма, фразеологизм.

## 1 Кіріспе

*Фразеология* – лингвистиканың үлкен бір саласы. Кейбір ғалымдар фразеологияны жеке пән деп те атап жүр. Олай деудің мән-мағынасы бар. Өйткені тіл-тілде фразеологияға қатысты мәселелер ұшан-теңіз дерлік. Жеке пән деп атасақ та, лингвистиканың үлкен бір саласы деп атасақ та – бәрібір: фразалардың тілде атқаратын рөлі айрықша.

*Фраза* (гр. phrases – сөйлемше мағыналы сөзінен алынған) – сөйлеудің ең бір қысқа, әрі бүтін бір единицасы. Дәлденкірей түссек, фраза – тіл-тілде сөйлеудің ең бір мәнді де тұтастай қалыптасқан тізбектері мен тіркестері. Ондай тізбек пен тіркестер кем дегенде екі сөзден құралады, бүтіндей бір сөйлем болуы да, бірнеше сөйлемнен құралуы да мүмкін. Сондықтан фраза – сөйлеудің, яғни қарым-қатынас құралының ең бір мәнді единицасы деуге де болады. Осыған орай, фраза деген сөз фразеологиялық тізбектер ерекшелігін тұтастай қамтығанда, «сөйлем» деген терминмен пара-пар деуге болады.

Мәселен, *сүттен ақ, судан таза; ақша беті; қызыл жүз, аузы алты қарыс; дырдай жігіт; қыпша бел; қизаш қас; аузынан суы құрып жүр т.б.* – тұрақты тіркестер, яғни фразеологиялық единицалар.

*Фразеология және оның зерттейтіні* – фразеологизмдер мәнін түсіну үшін, тұрақты тізбек, тұрақты тіркес және сөздердің еркін тіркесі деген ұғымдарды білу, бір-бірінің айырым белгілерін айқындап ұғу керек, олардың бір-бірінен ерекшелігін аңғару қажет [1].

Тіліміздегі сөз байлығымызда тек жеке сөздер ғана емес, құрылысы жағынан күрделі единицалар да кездеседі. Олар: *ала ауыз, тайға таңба басқандай, төбе шашы тік тұру, қой аузынан шөп алмас, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған*, т.б.

Мұндай сөздер қазақ тілінде мыңдап кездеседі. Оларды фразеология немесе тұрақты сөз тіркесі деп атайды. Ал фразеология сөзі екі мағынада қолданылады:

- 1) Тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің жалпы атауы;
- 2) Тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін тіл ғылымының бір саласы.

Фразеологиялық тіркестер мағына жағынан жеке сөзге, құрамы жағынан синтаксистік сөз тіркесіне жақын болып келеді. Сондықтан фразеологиялық тіркестердің басты белгілерін ажырату үшін сөз және еркін сөз тіркесімен салыстыру керек. Фразеологиялық тіркестер екі не одан да көп сөздің единицасы ретінде даяр күйінде қолданылады. Мысалы: *қалаға бару, тапсырманы орындау, кітап алу* сияқты еркін тіркестер сөйлеу, жазу кезінде сөздердің ойға лайық таңдалуынан барып тіркеседі. Ал, *жүрегі елжіреді (аяды), жүрек жұтқан (батыл), жүрегіне ас батпады (сабырсызданды), жыл он екі ай (жыл бойы)* сияқты тіркестер тұтас алынып, жеке сөз мағынасында даяр қолданылады. Бұл құбылыс фразеологизмдерде мағыналық бірліктің күштілігін көрсетеді.

Олай болса, фразеологиялық тіркес тек сыртқы көрініс жағынан ғана еркін сөз тіркесіне ұқсайды екен. Ал, мағыналық тұтастығымен жеке сөздер сияқты сөздік қорымыздың бір ерекше түрі деуге болады.

Фразеологиялық тіркестер жеке сөз сияқты форма және мағынаға ие. Сөздің формасын дыбыстар жасаса, фразеологиялық тіркестің формасын сөздер құрайды. Мысалы, *ынтықты – зар болды, жылауық – зар жоқ, қорлады – итаяқтан сары су ішкізді* [2].

Әдеби тіл кезеңдерінің сөз байлығын, оның мағыналық даму динамикасын анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Бұл ерекшелік тұрақты тіркестерді тақырыптық топтарға жіктеп көрсеткенде анық танылады. Фразеологизмдерді тақырыптық топтарға жіктеу – тіл фактілерін халық тарихымен, оның әлеуметтік-қоғамдық болмысымен, рухани мәдениетімен бірлікте қарастыруға негіз болады. Осы ретпен тіл фактісі арқылы әр кезеңнің белгісі саналатын көненің сырын ашуға мүмкіндік туады.

Фразеологизмдердің жасалуына сан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер себеп болған. Солардың бастылары деп лингвистикада:

- 1) адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесінің негіз болғаны («жауыр болды»);
- 2) өлшемдік ұғымдардың негіз болғаны («күн шыға»);

3) діни ұғымдар мен ескі әдет ғұрыптарға байланысты жасалғаны («ант су ішті»);

4) аңыздар мен түрлі ұғымдардың, өткен тарихи оқиғалардың негіз болғаны («Есімханның ескі жолы»), т.б. көрсетіліп жүр.

#### **Фразеологизмдердің жалпы мағынасына қарай:**

1. Адамды сипаттайтын фразеологизмдер;
2. Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер;
3. Қоғамдық-әлеуметтік факторға байланысты туындаған фразеологизмдер;
4. Діни наным-сенімге, салт-дәстүрге байланысты туындаған фразеологизмдер;
5. Өлшемдік ұғымдарды білдіретін фразеологизмдер;
6. Табиғат құбылыстарына байланысты фразеологизмдер.

#### **Соматикалық атаулар ұйытқы болған фразеологизмдер.**

Соматикалық фразеологизмдер адамның дене мүшелері атауларының қатысуымен жасалады. Соматикалық атаулардың ішінде: «көз», «ауыз», «бас», «жүрек», «бет», «қол», «құлақ», «аяқ» сөздерінің фразеологизмдердегі ұйытқылық қызметі зор.

«Көз» соматизмінің ұйытқы болуымен келген фразеологизмдер:

*Оқты көзімен атты – «жақтырмады», «отты көзін қадады»:*

*Атады оқты көзбен еш ұнатпас,  
Зықышта сөйлер тіл жоқ, көңілі батпас.*

*Көзі ашылды – «сордан арылды, еркіндікке қолы жетті»:*

*Күн шығып, ай да туып, көз ашылып,  
Бұл қайғы қыз сорлыдан қашан кетер.*

*Көрер таңды көзімен атқызу – «түнімен көз ілмеу»:* Қамар бір жағына, бір бұ жағына аунақшып, көрер таңды көзімен атқызатын уақыттары да болып жүрді.

*Ала көз болу – «араз, қырғи қабақ болу»:* Болмай ма байға ала көз оған тиген.

*Көңіл көзін ашу – «көкірегін, санасын ояту»:* Мен де оқымаған, білмеген әйелдердің көңіл-көзін ашсам-ау деген мақсаттамын.

Адамның дене мүшелеріне байланысты тіркестің келесі тобы «ауыз» соматизмімен келеді.

*Аузын алды – «пара берді», «аузын майлады»:* Бұлардың күн бұрын *аузын алып қой-маса*, ертең екіталай жерде Тұрлығұлға Қожашты есігін түріп қойып, шауып бермей ме?

*Аузында балы бар – «дегені болатын адам»:*

- Қайтесің, шал болса да, малы бар шал.

Мал болған соң, *аузында балы бар* шал.

*Тәтті ауыздың дәмін кетірді – «өзіне-өзі қарсы тұрды»:*

- Ойбай, Омардың соры қайнады, *тәтті аузыңның дәмін кетірді* ғой, – десті жұрт.

#### **Сан атауларына ұйытқы болған фразеологизмдер.**

Сан есімдер фразеологизм жасауға ұйытқы болып, айналасына басқа сыңарларды үйіріп, о бастағы сандық ұғымнан көп жағдайда алшақтайды да, абстракцияланып кетеді.

*Бір ауызды болу – «ұйымшыл, ынтымақшыл»:* *Бір ауызды болып* қойған ел бірер күн сөйлескен болады.

*Екі езуі құлағында – «қуанышты», «мәз-мейрам»:* Нұрым да «омин-омин» деп, аузын толтырып, жалаңбас бас есі жоқ, түсі жоқ, терлеп-тепшіп, *екі езуі құлағында*, алақандай шегір көзі ақайып кеткен.

*Жеті атасынан бері уызы арылмаған – «бақ-дәулеті үзілмеген»:* Жорға Нұрым жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған... бір жауыз еді.

#### **Жан-жануарлар атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер.**

Фразеологизмдерге ұйытқы сөздердің ішінде жан-жануарлар атауларының да көлемді орны бар. Жан-жануарлар атаулары ұйытқы болып келуі жалпы фразеологизмнің халықтың салт-дәстүр, тұрмыс-тарихымен тығыз байланысты.

*Ат жалын тартып мінді – «өзі – өз болды, өзіне-өзі келді»:*

- Мен өзім *ат жалын тартып мінгелі* мұндай қорлық көргенім жоқ», – деді Байжан.

*Ат жүрмеген жерде қалу* – «шамасы келгенше көмектесу»: Осы қыздың тұсында «ат жүрмеген жерде қалмақшы» болып отырмыз, – деді Бірке.

### **Өлшемдік ұғымдарды білдіретін фразеологизмдер.**

Бұл топтағы фразеологизмдердің тілде туып, қалыптасуы қазақ халқының уақыт пен кеңістікті, көлемді, ұзындық пен қашықтықты өлшейтін өлшем атаулары болмаған көшпенділік тіршілігімен тікелей байланысты.

*Көзін ала бере* – «көрсетпей, назары басқа жаққа ауған кезде»: Амантайдың *көзін ала беріп*, Итбай ақшасын байқау үшін қалтасына қолын да салып қояды.

Уақыт өлшемін білдіретін бұл фразеологизмнің жасалуына «көз» соматизмі темірқазық болып тұр.

*Бие сауым уақыт* – «биенің екі сауымының арасы, яғни қазіргі уақыт бойынша бір сағат шамасындағы мезгіл»: Бейшалардың қосылған құшағының өмірі, тым болмаса бір *бие сауым уақытқа* да жетпейді.

*Көз көрім жер* – «алыс»: Өрісі *көз көрім жер*, ұзақ кеткен.

### **Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер.**

Фразеологияда бұл тақырып арнайы зерттеу объектісі болып С. Төлекованың еңбегінде қарастырылған. Зерттеушінің пікірінше, алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер – өзінің табиғатына қарағанда халықтың әр кездегі тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде жасалған, ғасырлар бойында атадан балаға ауысып отырған элементтер.

*Алғыс мәнді фразеологизмдер* бата беру, жақсы тілек айту мәнінде жұмсалған сөздермен келеді.

*Құдайым сүйіндірсін ұзағынан, Сақтасын дұшпандардың тұзағынан.*

*Құдай беттеріңнен жарылқасын,* – деп Серғазы орнынан тұрды.

*Қарғыс мәнді фразеологизмдер* ел ішіндегі жағымсыз қылықтарды, ескі әдет-ғұрыпты лағнеттеген мынадай кестелерден анық көрінеді:

*Обалымыз қиюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай, солға басқан қазақтың қара гұрпына болсын.*

### **Діни наным-сенімге, салт-дәстүрге байланысты туындаған фразеологизмдер.**

Діни наным-сенімге байланысты фразеологизмдерден халық өміріндегі нақты бір діннің әсерін, діннің рухани өмірде, дүниетанымында алатын орнын анық көруге болады.

*Құдайдың құдіреті* – «Алланың әмірі»: – *Құдайдың құдіреті*, әуелде сен тіл алмай, баланы мұнша қайғы-қасіретке салдың...

*Құдай несіп ету* – «Алла тағала қолдау»: «Құдайым еткей несіпекі жарға».

*Алла қабыл етпеді* – «Құдай қолдамады»: *Алла қабыл етпеді*, үмітім кесілді, Ғали ... – деп Жамал талып кетті [3].

Фразеологияның зерттеу объектісі не деген сұрақ В.В. Виноградов жазған еңбектерде айқындалды. Фразеологизмдерді топтастырудың В.В. Виноградов ұсынған үлгісі тек орыс тіліндегі тұрақты тіркестерді анықтап, жүйелеуге көш басы, үлгі ретінде пайдаланылады. Қазақ фразеологиясының негізін салған І. Кеңесбаевтың да өзі айтқандай «табан тіреген» тұсы осындай ұстанымдар еді.

Лингвистикалық тұрғыда грамматикалық формасында сөздерді есте сақтау қиын. Сөз – материал болса, оның өкілдері – даяр тіркестер. Фразеологияның теориясында аса қажет факторлар:

1. тіркестерде тұрақты лекемалардың болуы;
2. тұрақты грамматикалық формалардың сақталуы;
3. ассоцианның болуы;

Енді фразеологиялық құрамдағы тіркестер қандай жағдайда, қандай негізде тұрақталады – фразеологияланады қандай тіркестер тіркестер қазақ тілінде тұрақты тіркестер құрайды. Қазақ тілінде қолданыста жүрген фразеологиялық қордағы тұрақты тіркестерді талдау барысында мынадай ерекшеліктер байқалады:

1. Жалпы қолданыстағы тіркескен сөздердің ойды жеткізу де бейнелілігі мен мәнерлілігінің назар аудартағындай естуші мен айтушы үшін құндылығы болу керек.
2. Жалпы қолданыстағы тіркестердің сөйлеу, айту мәнерінде қысқа айтылуға бейімділігі болады.
3. Тіркестердің терминологиялылығы кездеседі.
4. Жалпы қолданыстағы тіркестердің ішінде жинақталған ой қорытындысының болуы.
5. Сөз тіркестеріндегі фразеологиялық шектелулерінің кездесуі.
6. Жалпы қолданыс ыңғайындағы тіркестердің ішкі мағыналарының жойылып кетуі.
7. Номинативтік элементі бар тіркестер.

Бұл көрсетілген белгілер барлық тұрақты тіркестерге тән және осы аталған белгілердің біреуіне ғана ие болса да, тұрақтанудың себептері осылар деуге болады.

Мысалы, образды-мәнерлі тұлғаларға троптың түрлері арқылы жасалған тіркестер жатады.

Метафоралық тіркестерге: *тау толғатып тышқан тапты, мұрнынан шанышылу, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу, көңіліне шайтан ұялау, от кешіп, мұз төсену, ішкені – ірің, жегені – желім.*

Тұрақты теңеулерге: *бес биенің сабасындай, тайға таңба басқандай, шақшадай басы шарадай, жсау қуғандай, қасқалдақтың қанындай, соқырға таяқ ұстатқандай.*

Эвфемизмдерге: *қайтпас сапар шегу; қатты кету; қолды болу; аяғы ауыр;*

Тұрақты гипербола мен литота: *темір етіктен теңгедей, темір инеден тебендей қалу, астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі көк тіреп;* қайталамалы тіркестер: *айтып-айтпай не керек, өзім өз болғалы, ашықтан-ашық.*

Фразеологизмдердің қалыптасу үдерісі мынадай когнитивтік үлгіде жүзеге асырылады: денотат (құбылыс, оқиға, дерек және т.б.) – мазмұн – бейне – сигнификат (басты белгілері мен сипаттарының жинтығы) – сөз тіркесі – фразеологизм. Аталған когнитивтік үлгі жанжақты кеңінен түсінікті етіп талдауды қажет етеді.

Фразеологиялық тұлғалардың қалыптасу негізі еркін сөз тіркесіне тіреледі, басқаша айтқанда, еркін тіркестер көптеген тұрақты тіркестердің жасалуына ұйытқы болады. Мұны бірқатар тұрақты тіркестердің еркін сөз тіркестері модельдері негізінде жасалғанын, әрі ондай құбылыстар осы кезге дейін сақталғандығынан көруге болады.

Мысалы: *етпетінен жату – етпетінен түсу, зат көру – қол көру* (ойын), *жіп жалғау – жүрек жалғау.* Осылардың алдыңғылары еркін сөз тіркестері де, ал кейінгі сыңарлары – еркін сөз тіркестерінің құрылымдық үлгілері негізінде жасалған тұрақты тіркестер.

Тұрақты тіркестер диахронды зерттелмейінше олардың синхрондық жағдайы толық ашылмайды. Фразеологиядағы тарихи принцип о бастағы еркін өз тіркестерінің фразеологизмдерге айналу процесін тұтастай толық талдау жасауды қажет етеді. Алдымен тіркестің алғашқы тура номинация – денотаттың әлде бір оқиға мен құбылыстың атауы болған кезін, содан кейін айналадағы шындық болмысқа, яғни референтке қатысын айқындау керек.

Мысалы, қазақ тілінде **қамшы болды** деген фразеологизм бар. Оның мағынасы: *бір нәрсеге қозғау салды, түрткі болды, итермеледі.*

**Қамшы** – ұлттық мәдени лексика, құралдың атауы. Ұлттық мәдени сөздерге жататын себебі қазақтардың бұрынғы тұрмыс-тіршілігінде қамшының орны мен ролі ерекше. Оның қайыс таспадан өрілген түрлері, жасалу жолдары, сабының сапасы сияқты өзгешеліктері тек қазақ мәдениетіне ғана қатысты. Құрал ретінде атты қамшылау үшін пайдаланады. Демек, малды әрдайым қозғалуға, тез жүруге итермелейтін, түртетін нрсе, зат атауы – қамшы. Ал қимылдың аты – қамшы салу, қамшы болу. Келе-келе затты немесе құбылысты танудың қорытындысы салыстырмалы түрде ұқсас құбылыстың атауына көшкен [4].

## 2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында ең алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Фразеологизмдердің шығу этимологиясы мен дереккөздері, қалай қалыптасқаны мен дамуы, тео-

риялық тұрғыдан зерттеген ғалымдар жайлы қаралды. Осының барлығы мақалада баяндау әдісі арқылы рет-ретімен жүйеленді. Сонымен қоса, терілген мысалдар лексикалық талдау арқылы толықтырылды. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы фразеологизмдер жан-жақты зерттеліп, лексикология саласында алатын орны қолданған әдістер бойынша талданды.

### **3, 4 Нәтижелер мен талқылау**

#### **Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романындағы фразеологизмдердің қолданысы:**

1. Мұндай **ит өмірден** енді не күтіп жатырмын? [5].

**Ит өмір** – қорлықпен өткен тұрмыс, қорлық, итше ырылдасқан тірлік [6].

Бұл фразеологизм зооморфтық фразеологизмге жатады. Ит – жеті қазынаның бірі саналатыны белгілі. Түркі тілдерінің көпшілігінде, соның ішінде қазақ тіліндегі ит – құс – қасқыр және бөрі сөздерінің орнына қолданылған табу [7].

2. Қалмақ басқырдың аулы деуге аузы қалай барады екен? **Өз басыңа келтірсін!** [5].

**Өз басына келтірді** – біреуге істегені өз алдынан шықты [6].

Бас соматизмі VIII ғасырдағы көне түркі ескерткіштерінде, көне ұйғыр, қыпшақ және оғыз ескерткіштерінде, қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік кездеседі [7].

3. **Бет алысың** дұрыс, шырағым!.. – деп Есеней мәз болып қалды [5].

**Бет алыс** – бағыты, бара жатқан жағы [6].

Бұл сөйлемдегі тіркес алған бағытын, таңдаған жолын дұрыс, бастаған жолы жаман емес мағынасында қолданылып тұр.

4. Қыздың **көз қиығына** қарай тұрып, қызға арнай айтты [6].

**Көз қиығына** – бетіне тіктеп қарап қырындап қарады [7].

Көз соматизмімен жасалған фраземалар саны басқа соматикалық тіркестермен салыстырғанда басымырақ екен. М. Ержановтың «Адамның сыртқы бейнесін сипаттайтын сөздердің лексика-семантикалық топтары» атты кандидаттық диссертациясында көздің 123 түрін сипаттайтын соматикалық тіркестерді көрсеткен [7].

5. Есеней ішінен қияметтік қарыздар адамының үйіне **ат ізін салмағалы** он үш жыл өткенін есіне алды [5].

**Ат ізін салмау** – қатынаспады, хабарласпады [6].

Төрт түлік малдың ішінде қазақ халқы ерекше құрмет тұтатыны – жылқы малы. Қазақта жүйрік аттардың бітімін суреттеу арқылы жасалған, жылқы малында болатын құбылыстарды білдіретін, жылқы мен адамның ара қатынасын білдіретін фраземалар кездеседі [7].

6. – Өзің жоқта үйіңе кіріп алып, **жағамыз жайлау, төбеміз қыстау**, отырмыз жайланып [5].

**Жағасы жайлау, төбесі қыстау** – мол өмір, уайым-қайғысыз тіршілік, жайбарақат күйде күн кешу [6].

Қазақ халқы адамның жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарын табиғаттың алуан түрлі құбылыстары мен қоршаған ортаға баламалай отырып сипаттама беріп отырған, берілген мысалда да жазушы табиғат құбылысын қосып, адамның жағдайын суреттеп тұр.

7. – Артеке, Ұлпанжан сіздің мал-жанға қарар **қолыңыз қысқалығын** айтқаны бар еді [5].

**Қолы қысқа** – кедей, жарлы, қалтасы жұқа [6].

Қол соматизмі берілген мысалда ҚТФС дегі ашылған мағынасына сәйкес қолданылған, яғни қорасындағы мал-жанның жоқтығын, кедейлігін көрсетіп тұр.

8. Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,

Терекке **жылы жүзбен** амандасты [5].

**Жылы жүз** – жайдарлы, мінезі жайлы [6].

Раушагүл Авакова өзінің «Фразеология теориясында» жүз соматизміне тоқталады. Жүзі жылы деген тіркес бір көрген адамға қарап отырып берілген баға деген анықтама береді [7].

9. Еменалының түн ішінде келіп Мүсірептің үйіне **бүлік салғаны** осының салдары еді [5].



Бүлік салған – жанжал шығарып, лаң салды, шырық бұзды, жанжал туды, ұрыс-керіске айналды [6].

Автор шығарма тілінде бүлік салған тіркесінің орнына жанжал шығарды деп қолданған болса, сөйлем тілі аса бейнелі болмас еді. Сөйлемде қолданыс тапқан фразеологизм ҚТФС-де көрсетілген мағынасына орай жұмсалып тұр.

10. – Ойдағынды құдай өзі айдап әкелсе кім қарсы болар дейсің [5].

Құдай айдап әкелсе – өздігінен келді [6].

Ж.Қоңыратбаева өзінің еңбегінде діни наным-сенімге байланысты фразеологизмдерге тоқталады. Оның айтуы бойынша сәті түскен іс туралы құдай көктен айдап түсірді – тәңір жіберді – құдай иді – құдай жеткізді деген фразеологизмдердің образ сомдау жағынан бір деңгейде, өзара мәндес тұрғаны анық байқалады [3].

### 5 Қорытынды

Сонымен, тіліміздегі тұрақты тіркестер – лексиканың айшықты бір саласы болып табылады. Бұлар өзінің экспрессивті-эмоциялық әсерлілігімен көзге түседі. Фразеологиялық тіркестер мәнерлілік қасиетіне орай көркем шығармада молынан қолданылады. Сондықтан оларды көркем шығармаларды өткенде, идеялық мазмұнымен байланыстыра отырып, көркем образ жасаудағы қызметін аша көрсетіп үйрету қажет. Көркем туындыдағы фразеологиялық тіркесті басқа да көркемдеу тәсілімен салыстыра талдатып оқыту оқушылардың тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді. Ғылыми мақала жазушы Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасы тіліндегі фразеологизмдерді талдауға арналғандықтан, оларға лексикалық талдау жүргізіліп, І. Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» пайдалана отырып, мағыналары ашылды. Жазушы Ғ. Мүсірепов өз шығармаларында халық тілінің бай қазынасын, көркем сөздің әр алуан өрнегін шебер қолдана білген.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана: «Ер-Дәулет» баспасы, 2007. – 125 б.
- 2 Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: «Дәуір – Кітап» баспасы, 2013. – 104 б.
- 3 Қоңыратбаева Ж.М. XX ғ. басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 166 б.
- 4 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 277 б.
- 5 Мүсірепов Ғ. Ұлпан романы. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 259 б.
- 6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 711 б.
- 7 Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 292 б.

Материал редакцияға түсті: 11.12.19

КАНАПИНА, С.Г., КАСЕНОВА, Ш.Б., КУАНЫШБАЙ, А.А., ЕРТУГАНОВА, М.М.

СТИЛИСТИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ПРОИЗВЕДЕНИИ ГАБИТА МУСРЕПОВА «УЛПАН»

*Фразеологизмы – неотъемлемая часть языка, определяющая специфику этапов развития литературного языка, образующаяся, зарождающаяся и развивающаяся в течении нескольких тысячелетий, в котором особенно проявляется аккумулятивная деятельность среди языковых единиц. Данная статья посвящена изучению стилистического использования фразеологизмов в романе Габита Мусрепова «Улпан».*

**Ключевые слова:** фразеология, лингвистика, словарь, соматизм, парадигма, фразеологизм.

KANAPINA, S.G., KASENOVA, SH.B., KUANYSHBAY, A.A., ERTUGANOVA, M.M.

STYLISTIC FUNCTION OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE WORK OF GABIT MUSREPOV «ULPAN»

*Phraseological units are an integral part of the language, determining the specifics of the stages of development of the literary language, formed, emerging and developing over several thousand years, in which accumulative activity among language units is especially manifested. This article is devoted to the study of stylistic use of phraseological units in Gabit Musrepov's novel «Ulpan».*

**Key words:** phraseology, linguistics, vocabulary, somatism, paradigm, phraseological unit.

**МАЗМҰНЫ**

**КІРІСПЕ СӨЗ** ..... 3

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР**

*Димова Е., Айдналиева Н.А.* «Білім қоғамы» менеджментіндегі зияткерлік негіз жайында ..... 5

*Қанапина, С.Ғ., Касенова, Ш.Б., Қуанышбай, А.А., Ертуғанова, М.М.* Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасындағы фразеологизмдердің стильдік қызметі ..... 9

*Ким, Н.П., Ким, Л.М., Ким, Т.В.* Көп этностық білім беру ортада студенттердің коммуникативтік мәдениетін құраушыларының бірі кроссмәдениетті құзыреттілік..... 16

**ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

*Бородулина, О.В., Слободина, А.Л.* Қостанай облысындағы донорлар денсаулығын статистикалық талдау ..... 22

*Брагина, Т.М.* Наурызым қорығының (Қостанай облысы, Қазақстан) тоған ұлулары (Mollusca: Gastropoda: Lymnaeidae) туралы кейбір деректер ..... 33

*Суюндықова, Ж.Т., Жанабергенова, А.Е.* Бастауыш сынып оқушыларының физикалық дамуының индекстік бағасы..... 38

*Суюндықова, Ж.Т.* Қостанай қаласының жасөспірімдерінің физикалық дамуы..... 44

**ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Ерсултанова З.С., Байбосынова, А.Б.* Білім беруде қолдануға арналған мобильді қосымшаны әзірлеу..... 50

*Ерсултанова З.С., Сатмағанбетова, Ж.З., Жиенбаева, А.А.* 3D Studio Max ортасын үш өлшемді нысандарды торлы модельдеу үшін қолдану ерекшеліктері ..... 55

*Жандауова, Ш.Е., Бапинова, Д.А.* Дидактикалық ойын сауат ашу кезіндегі даму құралы ретінде..... 63

**ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ**

*Амандықова, А.Б., Тайжанова, К.Р.* Қостанай тұқымының жылқыларының физикалық жүктемелер әсерінен кейінгі клиникалық көрсеткіштері ..... 68

*Жұмабаев, К. А., Жұмабаева, М. Б.* Құқық және экономика пәндерінің оқытушыларын кәсіби оқыту ..... 71

*Купфер, А.В.* Кәсіптік оқыту болашақ педагогтарының технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық аспектілері..... 75

*Рядинская А.И.* Ресми іс қағаздар стилінің морфологиялық ерекшеліктері ..... 84

**МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЛАР** ..... 89

**БІЗДІҢ АВТОРЛАР** ..... 90

**АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА** ..... 96

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>ВСТУПИТЕЛЬНОЕ СЛОВО</b> .....	3
<b>ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ</b>	
<i>Димова Е., Айдналиева Н.А.</i> Об интеллектуальной основе в менеджменте «Общество знаний» .....	5
<i>Қанапина, С.Ф., Касенова, Ш.Б., Қуанышбай, А.А., Ертуганова, М.М.</i> Стилистическая функция фразеологизмов в произведении Габита Мусрепова «Улпан» .....	9
<i>Ким, Н.П., Ким, Л.М., Ким, Т.В.</i> Кросс-культурная компетенция как одна из составляющих коммуникативной культуры студентов в полиэтнической образовательной среде .....	16
<b>ЭМПИРИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ</b>	
<i>Бородулина, О.В., Слободина, А.Л.</i> Статистический анализ здоровья доноров Костанайской области .....	22
<i>Брагина, Т.М.</i> Некоторые данные о прудовиках (Mollusca: Gastropoda: Lymnaeidae) Наурзумского заповедника (Костанайская область, Казахстан) .....	33
<i>Суюндиқова, Ж.Т., Жанабергенова, А.Е.</i> Индексная оценка физического развития учащихся начальных классов .....	38
<i>Суюндиқова Ж.Т.</i> Физическое развитие подростков города Костаная .....	44
<b>МЕТОДИКА И ТЕХНОЛОГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН</b>	
<i>Ерсултанова, З.С., Байбосынова, А.Б.</i> Разработка мобильного приложения для применения в образовании .....	50
<i>Ерсултанова З.С., Саммаганбетова, Ж.З., Жиенбаева, А.А.</i> Особенности применения среды 3D Studio Max для сеточного моделирования трехмерных объектов .....	55
<i>Жандауова, Ш.Е., Бапинова, Д.А.</i> Дидактическая игра как средство развития при обучении грамоте .....	63
<b>НАУЧНЫЕ РАБОТЫ МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ</b>	
<i>Амандықова, А.Б., Тайжанова, К.Р.</i> Клинические показатели лошадей кустанайской породы под влиянием физических нагрузок .....	68
<i>Жумабаев, К.А., Жумабаева, М.Б.</i> Профессиональная подготовка учителей основ права и экономики .....	71
<i>Купфер, А.В.</i> Теоретические аспекты проблемы формирования технологической компетентности будущих педагогов профессионального обучения .....	75
<i>Рядинская А.И.</i> Морфологические особенности официально-делового стиля .....	84
<b>ЮБИЛЕЙНЫЕ ПОЗДРАВЛЕНИЯ</b> .....	89
<b>НАШИ АВТОРЫ</b> .....	92
<b>ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ</b> .....	99

**CONTENT**

**INTRODUCTION** ..... 3

**THEORETICAL AND OVERVIEW-ANALYTICAL ARTICLES**

*Dimova, E., Aydnaliev, N.A.* About intellectual capital in management the «Society of knowledge» ..... 5

*Kanapina, S.G., Kasenova, Sh.B., Kuanyshbay, A.A., Ertuganova, M.M.* Stylistic function of phraseological units in the work of gabit musrepov «Ulpan» ..... 9

*Kim, N.P., Kim L.M., Kim T.V.* Cross-cultural competence as one of the components of the communicative culture of students in a polyethnic educational environment ..... 16

**EMPIRICAL RESEARCH**

*Borodulina, O.V., Slobodina, A.L.* Statistical analysis of donor health in the Kostanay region ..... 22

*Bragina, T.M.* Some data on pond snails (Mollusca: Gastropoda: Lymnaeidae) of the Naurzum reserve (Kostanay oblast, Kazakhstan) ..... 33

*Suyundikova, Zh.T., Zhanabergenova, A.E.* Index assessment of physical development of primary school students ..... 38

*Suyundikova, Zh.T.* Physical development of youth in Kostanay city ..... 44

**METHODOLOGY AND TECHNOLOGY OF TEACHING DISCIPLINES**

*Yersultanova, Z.S., Baibosynova, A.B.* Development of a mobile application for using in education ..... 50

*Yersultanova, Z.S., Satmaganbetova, Zh.Z., Zhiyenbayeva, A.A.* Features of application of the 3D Studio Max environment for grid modeling of three-dimensional objects ..... 55

*Zhandauova, Sh.E., Bapinova, D.A.* Didactic game as a means of development with proper disclosure ..... 63

**SCIENTIFIC WORK OF YOUNG RESEARCHERS**

*Amandykova, A.B., Taizhanova, K.R.* Clinical indicators of Kustanai horses under the influence of physical exertion ..... 68

*Zhumabaev, K.A., Zhumabaeva, M.B.* Professional training of teachers of the law and economy ..... 71

*Kupfer, A.V.* Theoretical aspects of the problem of forming the technological competence of future teachers of professional training ..... 75

*Ryadinskaya A.I.* Morphological features of official-business style ..... 84

**ANNIVERSARY CONGRATULATIONS** ..... 89

**OUR AUTHORS** ..... 94

**INFORMATION FOR AUTHORS** ..... 102